

№ 3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі

10 «А» сыныбының жетекшісі:

Рахманова Нұршат Шаяхматқызының

2022-2023 оку жылындағы тәрбие жұмысының жылдық есебі

Сыныпта барлығы 10 окушы бар. Оның 2-еуі ұл бала, 8 қыз бала. Үлгермейтін окушы жоқ. Жылдық үлгерім 60% аяқтадық. 2022-2023 оқу жылында жыл басында сынып оқушыларын адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жакты, мол сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жасалып бекіттірілді. Жоспарланған жұмыстар уақытылы өткізілді. Атап айтсам:


I. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүрге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыйбайлас жемқорлыққа қары мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы катыгездік пен зорлық-зомбылыққа қары тұру даярлығын қалыптастыру.

1. Білім күніне арналған. «Білімге ұмтылу: еңбексүйгіштік және отаншылдық»




2. Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру. Оқушының құқықтары мен міндеттері. 3 «Тәртіп бұзу және қылмыс» құқықбұзушылықтың алдын алу, 4. «Мінез-адам көрсеткіші» 5. «Рухы жогары халықтың тарихы- мәңгілік»



II. Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.


«Қариялы ел-қазыналы ел», «Ұстаз – ұлы тұлға»



III. Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін күрметтеуге тәрбиелеу.


5-кыркүйек Қазақстан халықтарының Тілдер күні «Қазақ тілі - ұлттымыздың жаны», Байтұрсыновқа 150 жыл, «Рұхы жоғары халықтың тарихы- мәңгілік»



IV. Отбасы тәрбиесі

Максаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру

Ата-аналар жиналышы, «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы», «Отбасылық эрмитаж».



V. Енбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Максаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналықарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауды және экологиялық мәдениетін дамыту


«Дарындыға – дархан жол», «IT – келешегі кемел сала», «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз»



VI. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру


«Киберқауіпсіздік мәселелері», Оқушылар бойындағы бейәлеуметтік мінез.



VII. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Білім беру үйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, менгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

«Абайды оқы, таңырқа!», «Өзге ұлттарды құрметтеу - тәрбиеліктің белгісі», «Жыл басы - Наурыз, Мол болсын дәм-тұз», «Келді міне, Жаңа жыл!».





VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмірсалты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сактаудағыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

«Денсаулық - ең басты қажеттілік», «Темекіден, насыбайдан аулақ бол» алдын алу шаралары

Сыныпты жалпы зерттегендеге сыныпта белсенді бірнеше окушылар бар. Сыныптағы окушылардың бір-бірімен карым-қатынасы өте жақсы, қалыпты. Сыныптың топ басшысы Есенжанова Айгерим және бірнеше сынып белсенділері бар. Үздік оқытын окушылар: Алдамжарова Гулбану, Утегенова Аружан, Есенжанова Айгерим. Екпінді окушылар: Тұрсынбахиева Кундыз, Магауин Әділет, Жубанов Айсултан. Сыныптың рухани-психологиялық ауаралы, окушылардың карым-қатынастық мінезі – қыз балалар өзара да, ер балалармен де сырпайы қарым-қатынаста. Қыз балалар сынып ішінде шешім қабылдағанда басымдылық көрсетеді.

Сынып окушылары әр-түрлі пәндерден түрлі үйірмелерге қатысады.

Окушылар апталықтарда, мектептің түрлі іс-шараларында қатысып, белсенділік таныта білді.

Сынып окушыларының бойына өз енбегімен қатар өзгенің енбегін қадірлеуге, тұрактылықтылықтың тиімділігін білу, әділдікті сую, өз ойын еркін айту сиякты қасиеттердің қалыптасуына үлес қостым. Олардың жеке тұлға ретінде қоғамның бір мүшесі екенін ұғындыра білдім деп айта аламын.

Жыл аяғында сыныпта барлығы 10 оқушы. Оның 2-еуі ұл бала, 8 қыз бала. Үлгермейтін оқушы жоқ. Жылдық білім сапасы 60% құрайды. «Қазак тілі - ұлтымыздың жаны», «Құқықтық сауаттылық - заман талабы», «Балалық шағымның аспаны», «Қазактың ардақты аналары», «Дарындыға – дархан жол» тәрбие сагаты, «Оқушылар бойындағы бейәлеуметтік мінез» тақырыбында сабак, *отбасы тәрбиесі саласы бойынша* «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы» тақырыбында топтық жұмыс, «Келді міне, Жана жыл!» сабагы, «Еріктілік - өмір талабы», «Ұлы ерлік - ұрпакка үлгі» (9-мамыр «Женіс күніне» орай), «Адал еңбегін - сенің жемісің!», «Рухы жоғары халықтың тарихы- мәңгілік», «Еңбек, экономикалық және экологиялық» тәрбие бойынша «Табиғаттан не алдым, табиғатқа не бердім?», «Табиғаттың тарылтпайық тынысын» тақырыбында танымдық сабактар, *көпмәдениетті және көркем - эстетикалық бағыты бойынша* «Рухы жоғары халықтың тарихы- мәңгілік» атты тақырыпта танымдық сабактары өткізілді

Осы тақырыптар бойынша тәрбие сағаттарына оқушылар да ат салысты: өлең жолдарын, ән сөздерін жаттап, мәнерлеп оқып, ән салды.

Ата-аналар жиналысы жалпы мектепшілік және де жеке өткізіліп отырды. Онда оқушылардың тұрмыс-жагдайы, оку үлгерімі, сабакқа қатысуының белсенділігі т.с.с. мәселелер талқыланып отырды. Жиі сабактан қалатын оқушылардың ата-анасымен жеке жұмыс жүргізіліп, қыскы, күзгі, көктемгі және жазғы демалыста қайда болатындығы, өмір қауіпсіздігі және тұнгі уақытта ата-анасыз жүргүре болмайтындығы айтылып, ата-аналардан сенімхат алынды. Ата-аналармен жұмыс әрдайым жүргізіліп отырды. Оқушыларды еңбекке баулу мақсатында апта сайын сыннып бөлмесін тазалауга және күнделікті кезекшілік кестесі бойынша қадағалап отырдым. Апта сайын оқушылардың күнделіктерінің жүргізуін тексердім. Күнделікті сабакқа кешіккен, сабактан себепсіз қалған оқушылармен әнгіме жүргізіп отырдым. Сынып оқушылары мектеп формасын сақтап отырды. Балалардың үйін арапап, тұрмыс жагдайларын тексердім. Оку үлгерімі бойынша әр пән мұғалімімен жекелей сөйлесіп отырдым. Жалпы айта кететін болсам, б-сыныпты ойдағыдай аяқтадық. Қындығы мен қызығы бірге жүретін мектеп өмірі ойдағыдай өтті. Келесі оку жылында да бұдан да түрлі іс-шараларға белсene қатысып,сыныбымызды оң қырынан көрсетуге жана оку жылында жақсы күш-жігер жинап жақсы дайындықпен келеміз деген ойдамын.